



# ПРИОЗЕРСКИЙ Вестник

18+

№ 16/764

2022 жылғы 22 сәуір, жұма

Газет 2004 жылдың 26 маусымынан бастап шығады

Жолдауды қолдау

К 30-летию ГСО РК

## ЕЛДІҢ ЖАҢА БАҒЫТТА ДАМУЫ



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың кезекті «ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: ІС-ҚИМЫЛ КЕЗЕҢІ» Жолдауын Приозерск гарнизонының жеке құрамы зор ықыласпен қабылдады. Биылғы Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауы арқылы Мемлекет басшысы елді экономикалық және саяси тұрғыдан жаңғыртуға күш сала отырып Қазақстан азаматтарының тұрмыс-ахуалын арттыруды көздеп отыр.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауы барша қазақстандықтарға ақиқатында тың серпіліс пен нық сенім сыйлады. Аталған құжатта Мемлекет басшысы ел дамуындағы күтіп тұрған өзгерістерге тоқталып, алдағы жүзеге асырылатын саяси реформалар мен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті мәселелері және халықтың әл-ауқатын одан әрі арттыру бағытталған жоспарларымен ой бөлісті.

Жолдауда егеменді елімізге қауіп төндірген «қаңтар оқиғасы» тақырыбына терең тоқталған Президент, оны арандатып ұйымдастырушылар мен кінәлі тұлғалардың қатаң жазаланатынын жеткізді. Мемлекет басшысы қиын-қыстау шақта қасынан табылып, барлық бастамаларын қолдаған отандастарына өз алғысын білдірді. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде: «Бұл оқиғалар бүкіл қоғамды дүр сілкіндірді. Халқымыз бұрын-соңды болмаған қауіп-қатермен бетпе-бет келді. Мемлекетіміздің тұтастығына және егемендігімізге зор қауіп төнді. Осы күндерде жұртымыз Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін жан-жүрегімен сезінді. Татулық пен тұрақтылық, тыныштық пен

бейбітшілік қаншалықты маңызды екенін жете түсінді», - деп өз ойын жеткізді.

Сондай-ақ, Президент дәл қазіргі кездегі азық-түлікке деген тапшылықты болдырмау және қымбатшылыққа тосқауыл қою үшін бағаны бақылауға алып, жөнсіз сауда-саттықтың алдын алу қажеттігін де ескертті. Парламенттің рөлін күшейтіп, сайлау жүйесіне қатысты өзгерістер атап өтілді. «Біздің мұратымыз – адал еңбек, озық білім мен үздік тәжірибені ту етіп көтеріп, халық үніне құлақ асатын «Жаңа Қазақстанды» құру. Сондықтан өзгерісті әрқайсымыз өзімізден бастауымыз керек. Әрбір адам және бүкіл қоғам жаңғыруы қажет. Бұл біздің болашақ ұрпақ алдындағы қасиетті борышымыз» – деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жолдаудың әкімшілік-аумақтық құрылымын жетілдіру деп аталатын тарауында көпшіліктің көкейіндегі сауалдар мен өтініштер шешімін тапқан сияқты. Өйткені, орталығы Семей қаласы болатын Абай облысын, облыс орталығы Жезқазған қаласы болар Ұлытау облысын және екіге бөлу жолымен орталығы Талдықорған қаласы болатын Алматы облысын, сонымен қатар облыс орталығы Қапшағай қаласы болатын Жетісу облысын құру мәселесі алға қойылды.

Президент Жолдауы дүйім жұрттың көкейіндегі тұралап қалған түйіткілді сауалдарға жауап тапты. Жолдауда: «Бабалар аманатына адал болып, оны ұрпаққа табыстау – мен үшін киелі парыз. Жаңа Қазақстан – жаңару мен жаңғыру жолы, бүгінгі буынның болашақ ұрпаққа аманаты» - деп, ағынан жарылуы біздің әрбірімізге рух беріп, жігерлендіре түсетіні сөзсіз.

Халықтың табысын арттырып, әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған осынау аса маңызды құжатта көрсетілген міндеттерді, тапсырмаларды бүкіл қоғам болып, жұмылып орындайтын болсақ, жеңілмесіміз анық.

**Жасұлан Абеков,**  
Приозерск гарнизонының бастығы,  
подполковник.  
**Суретті түсірген**  
Думан Құрманғалиев,  
Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы

## КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПОЗДРАВИЛ СОТРУДНИКОВ СЛУЖБЫ ГОСОХРАНЫ С 30-ЛЕТИЕМ

Глава государства Касым-Жомарт Тоқаев принял участие в мероприятии по случаю 30-летия Службы государственной охраны, передает Kazpravda.kz со ссылкой на пресс-службу Президента РК.

Президент ознакомился с деятельностью Службы государственной охраны. Затем Касым-Жомарт Тоқаев принял участие в торжественном мероприятии и поздравил сотрудников СГО с юбилеем.

Глава государства отметил важную роль данной структуры в системе обеспечения национальной безопасности и особую ответственность, возлагающуюся на личный состав СГО.

«Обеспечение безопасности руководства страны, охрана стратеги-

менты вы беззаветно служите Родине», – сказал Касым-Жомарт Тоқаев.

Президент отдельно остановился на больших возможностях СГО в деле противо-



стояния различным вызовам и угрозам в современной геополитической ситуации.

«Необходимо дальнейшее развитие знаний и навыков личного состава и совершенствование всей системы государственной охраны. Служба государственной охраны – особая структура. Поэтому к ней всегда предъявляются высокие требования. Уверен, что вы будете качественно и оперативно выполнять все возложенные на вас задачи. Благодарю вас за безупречную службу», – подчеркнул Глава государства.

Касым-Жомарт Тоқаев пожелал успехов личному составу Службы. Ряд сотрудников был отмечен государственными наградами, в частности, орденами «Айбын» I и II степеней, медалью «Жауынгерлік ерлігі үшін», а также Благодарностью Президента.

По окончании церемонии награждения Глава государства посмотрел праздничный концерт.

Источник: <https://kazpravda.kz>

Наш город

## АКЦИЯ “ПОСАДИ ДЕРЕВО” ПРОДОЛЖАЕТСЯ



Продолжается масштабная акция на территории города Приозерск “Посади дерево”!

Основной целью акции является



воплощение в жизнь одного из главных приоритетов развития города по его благоустройству и озеленению, созданию комфортных условий для



проживания в нем, превращение Приозерска в “зеленый город” и формирование экологической культуры среди населения.

ройства города проводятся мероприятия по очистке городской территории от бытового, растительного мусора и сухостоя.

Приглашаем всех жителей нашего города принять активное участие в акции и призываем бережно относиться к высаженным на территории города деревьям и поддерживать чистоту.

Редакция газеты “Приозерский вестник”

На фото: участники акции



В рамках данного мероприятия высажено более 700 деревьев!

В масштабной работе приняли участие работники всех учреждений и организаций нашего города, военнослужащие войсковых частей Республики Казахстан и Российской Федерации, депутаты маслихата, пенсионеры и молодежь нашего города.

Также в рамках благоу-



Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне 30 жыл

БІЗ ДЕ САРБАЗ БОЛҒАНБЫЗ

Приозерск гарнизонының Қарулы Күштер ардагерлері ұжымының ұйымдастыруымен, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылған күніне – 30 жыл толуына орай, ардагер ағалардың Приозерск гарнизонындағы әскери бөлімдердегі Отан алдындағы әскери борышын өтеп жүрген мерзімдік қызметтегі әскери қызметшілермен кездесулері болып өтті. Қадірменді ардагер ағалардың бірінші кезектегі кездесуі «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің 06708 әскери бөлімінде ұйымдастырылып өткізілсе, көп кешіктірмей Қазақстан Республикасы Қарулы күш-тері Әуе шабуылына қарсы қарсы қорғаныс әскерінің 44841 әскери бөлімінде жалғасын тапты.



Бірінші кезектегі 06708 әскери бөлімінің сарбаздарымен болған кездесуде Приозерск гарнизонының Қарулы Күштер ардагерлері ұжымының төрағасы Тілек Кенжебеков тәжік-ауған шекарасындағы қарулы қажығысына қатысушы Нұрзат Есмаханбетовке сөз берді. Зор қошеметпен орындарынан тұрып, қарсы алған сарбаздар ардагер ағаға құрмет көрсетті. Ардагер аға жеке құрамға кезінде өзінің сарбаз болғанын жеткізіп, оларға шекараның таулы аймақтарындағы орын алған қарулы қажығыстардағы көзбен көрген ауыр күндерін айтып, жеткізіп берді. Қазіргі таңда ардагер Н.Есмаханбетов 06708 әскери бөлімінің әскери қызметшісі, «майор» шеніндегі әскери атағы бар. Өткен күндерін еске алған ардагер Нұрзат Қуанышұлы: «Бізбен бірге болған жауынгерлердің барлығы дерлік ажал оғынан қаймақпай, Отан алдында берген Әскери антына адалдық танытып, қарсы келген жаудың бетін қайтару үшін бойдағы бар күш-жігерлерін аямағаны анық» - деп, ой бөлісті.

Кездесу барысында сөз реті Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылған күніне – 30 жыл толуына ауысқанда, мінберге көтерілген Приозерск гарнизонының Қарулы Күштер ардагерлері ұжымының төрағасы Т.А. Кенжебеков Отан алдындағы борыштарын абыроймен атқарып, жақын күндері запасқа шығатын сарбаздарға Қарулы Күштер ардагерлерінің атынан шексіз алғысын білдірді. «Сіздердің «алдыңғы толқын ағалардың» ізімен әскери қызметте адал болып, командирлердің бұйрықтарын бұлжытпай орындауға дайын болғандарыңызды көзіміз

көрді. Әсіресе, кешегі «қаңтар оқиғасы» кезінде иықтарыңызға қару асынып, әскери нысандар мен қару-жарақ қоймаларын өз бақылауларыңызға алып, асқан жауапкершілік таныттыңыздар. Отан алдындағы мінсіз қызметтеріңіз жоғары бағаланып, баршаңызға арнайы тағайындалған бағалы сыйлықтар салтанатты түрде табыс етілді. Қарулы Күштер – егеменді еліміздің берік қалқаны. Тәуелсіз Қазақстанның айбынды армиясының мәртебесін ілгерілету жолындағы адал қызметтеріңізге жоғары баға береміз» - деп, Қарулы Күштер ардагерлері ұжымының төрағасы сарбаздарға ардагерлер атынан шын ризашылық алғысын жеткізді.

Ал, 44841 әскери бөліміндегі сарбаздармен кездесуде ардагерлер Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тарихы мен отыз жыл ішіндегі жетістіктерге тоқталды. Атап айтқанда, Отан алдындағы әскери борышын өтеп жүрген мерзімдік қызмет әскери қызметшілерге Ұлы Отан соғысына (1941ж.-1945ж.) қатысқан Кеңестер Одағының Батыры, Қазақстан Республикасының тұңғыш Қорғаныс министрі, №1 Халық Қаһарманы, армия генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов өмірбаяны, ерлік жолы мен егеменді еліміздің төл әскерін құру жолындағы сіңірген еңбегі мен атқарған қызметі жеткізілді. Бұл кездесуді өз тізгінінде ұстаған Қарулы Күштер ардагерлері ұжымының төрағасы Тілек Алшымбекұлы: «Армия генералы С.Қ. Нұрмағамбетов – біздің мақтанышымыз, Тәуелсіз Қазақстандағы ең жоғарғы марапат болып саналатын «Халық Қаһарманы» атағының бірінші иегері. Осындай марапатқа еңбек жолы мен әскери қызметте қол жеткізгендігі анық. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарындағы әрбір сарбаз Халық Қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетов есімін мақтанышымен айтып, өмірі мен ерлік жолын үлгі тұту керектігі!» - деп, өзінің көкейіндегі ойын



жеткізді.

Кездесуге ардагер ағалардан бөлек, 44841 әскери бөлімі командирінің (әскери қызметшілердің отбасымен жұмыс жөніндегі) көмекшісі Мырзахметова Мастура Шәріпқызы да қатысты.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылған күніне - 30 жыл толуына арналған кездесулер асқан ұйымшылдықпен және жоғарғы деңгейде өткізілді.

Думан Құрманғалиев,  
Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы

Әскери полиция органдарына 25 жыл

АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 1997 жылдың 22 сәуірінде «Қазақстан Республикасының Құқық қорғау органдары жүйесін одан әрі реформалау жөніндегі шаралар туралы»

Жарлыққа қол қойғаннан бастап ҚР Қарулы Күштері Әскери полициясының тарихы басталады.

Бүгінгі күні әскери полиция органдары Қазақстан Республикасының басқа да күштік құрылымдарының қаратында өздеріне



ТӨЛ ӘСКЕРІМІЗ – БҮЛДІРШІНДЕР МАҚТАНЫШЫ

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлеріне қарасты 06708 әскери бөлімінің әскери қызметшілері Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылғанына 30 жыл толу қарсаңында Қарағанды облысының Приозерск қаласындағы «Айналайын» бөбекжайында ұйымдастырылып өткізілген ертенгілікке қатысты. Осы іс-шараны өткізу аталған бөбекжайдың «Балдырған» тобының бүлдіршіндеріне жүктелген болатын. Топ тәрбиеленушілері «Егеменді ел қорғаны – Қарулы Күштер!» тақырыбындағы ертенгілікті жоғары деңгейде атқарып, көпшілік алдында асқан жауапкершілік танытты.

Қазіргі таңда Приозерск қаласында бірнеше бөбекжай болғанымен, солардың ішіндегі қаланың нақ төрінен орын алған «Айналайын» бөбекжайы әскери қалашықтағы еліміз егемендікке қол жеткізген жылдардан бергі ең бірінші болып ашылған бөбекжай болып саналады. Бөбекжай директоры Айтқұл Жеңісқызы Құлмағанбетова



рілген тапсырманы жатқа орындап, ерекше көзге түсті.

Іле-шала сахна төріне сарбаз киімінде адымдап шыққан ұлдар тобы, музыка әуенімен «Сарбаздар биін орындап шықты. Ән айту кезегінде «Балдырған» тобының әншісі Инжу Ерлан «Анашым» әнін өз мәнерінде тамаша орындады.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылғанына 30 жыл толуына арналған «Егеменді ел қорғаны – Қарулы Күштер!» тақырыбындағы мерекелік ертенгілікті «Айналайын» бөбекжайының директоры

Айтқұл Құлмағанбетова қорытындылады. Болашақ ел қорғандары болуға талпынған бүлдіршіндер алдында сөз сөйлеген лауазымды жетекші Айтқұл Жеңісқызы: «Егеменді еліміздің төл әскерінің құрылғанына 30 жыл толуына арналған іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып өткізілді. Бөбекжай бүлдіршіндері әскери киімде сахна алдына шығып өнер көрсете отырып, бәрімізге қуаныш сыйлады. Ел келешегі өскелең ұрпақтың бойында отансүйгіштік сезім қалыптасып, олардың қатары көбейе беретіндігіне сенімім мол!» - деп, ой түйді.



жас бүлдіршіндерге арналған мекемеге сол ашылған күннен бастап, еш жалықтастан бүгінгі күнге дейін жетекшілік етіп келеді.

«Егеменді ел қорғаны – Қарулы Күштер!» тақырыбындағы ертенгіліктің мақсаты – егеменді еліміздегі жасөспірімдерге 7 мамыр – Отан қорғаушылар күнін сезіндіру, өскелең ұрпақтың бойында Қарулы Күштер туралы түсінікті қалыптастыру, ел ертеңі – ұлдар мен қыздарды отансүйгіштікке баулып, өзінің Отанын, елін және жерін қорғауға тәрбиелеу болып табылады.

Жас бүлдіршіндердің “ә” - дегеннен-ақ, мерекелік іс-шараның салтанатты ашылуында оң колдарын жүрек тұсына қойып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны басталғанда, әуенге қосылып тебірене шырқаған сәттегі жүздерінен Отанға деген шын берілгендік сезімдері анық байқалды. Алдымен, «Балдырған» тобының тәрбиеленушілері өздерінің құттықтау жылы лебіздерін жеткізді. Мерекелік құттықтауларды өлең ұйқастарымен тебірене жеткізген тәрбиеленушілер арасынан Алмас Орынбай мен Ақнұр Қаттабек ерекше көзге түсті.

«Белдескен күресте шыңдалады» - демекші, келесі кезекте ортаға шыққан топтың ұлдары арасында «Қол күресі» атты сайысы өтті. Болашақ ер азаматтардың мықтылығын анықтаудағы бұл сайыста тәрбиеленуші Рысбек Бітімбайдың мерейі үстем болды. Қол күресінің сайысы ақталған соң, тәрбиеленушілер қатарынан Отан туралы тапқықты жатқа айтып шығуға ерік берілді. Көрсеткіштер алдында еш жаңылмаған тәрбиеленушілер Райяна Полат пен Сұңқар Бейбіт бе-

Іс-шара соңында сөз алған Приозерск гарнизонының Қарулы Күштер ардагерлері ұжымының төрағасы Т.А.Кенжебеков Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылғанына 30 жыл толуына арналған «Егеменді ел қорғаны – Қарулы Күштер!» тақырыбындағы ертенгілікті ұйымдастырушы топқа шексіз алғысын білдіріп, мерекелік іс-шараға жоғары баға берді. Ардагер аға Тілек Алшымбекұлы ертенгілікті өткізуге қолдау көрсеткен және белсенділік танытқан бөбекжай тәрбиешілері мен бүлдіршіндеріне Приозерск гарнизонының бастығы подполковник Жасұлан Абеков қол қойған Мақтау грамотасы мен Алғыс хаттарын салтанатты түрде табыс етті. Атап айтқанда, «Айналайын» бөбекжайының директоры А.Ж. Құлмағанбетова Мақтау грамотасымен марапатталса, «Балдырған» тобының тәрбиешілері Р.Т. Алинбаева мен Ж.Е. Ерболған Алғыс хатқа ие болды. Сонымен қатар, іс-шараға қатысқан 06708 әскери бөлімінің жеке құрамы бүлдіршіндердің әрқайсысына арнайы тағайындалған дәмді тағам мен тәтті шырын сыйлықтарын табыс етіп, іс-шарада белсенділік танытқан және сахна төрінде тамаша өнер көрсеткен тәрбиеленушілер Р.Полат пен А.Қаттабекті Алғыс хатпен марапаттады. Іс-шара соңынан отаншыл сезімдегі жас бүлдіршіндер естелік суретке түсті.

Думан Құрманғалиев,  
Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы

жүктелген міндеттерді заңнама аясында белгілерген тәртіпте жұмыс атқарып келеді.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери полиция органдарының құрылғанына 25 жыл толуына орай «ҚР Қарулы Күштерінің әскери полиция ардагерлері» қоғамдық бірлестігінің президенті генерал-лейтенант Т.Дандыбаевтың 2022 жылғы 4 сәуірдегі № 3 бұйрығымен әскери полиция органдарының бірқатар ардагерлері «ҚР Қарулы күштерінің Әскери полициясына 25 жыл» мерекелік медалмен марапатталған болатын. Осыған байланысты, үстіміздегі жылдың 22-сәуірінде Қарағанды өңірлік гарнизоны Әскери полиция басқармасы Приозерск гарнизонына қызмет көрсету жөніндегі әскери

полиция бөлімшесінде мерейлік датаға байланысты бөлімшенің жеке құрамы мерекелік кеш ұйымдастырып, онда әскери полиция органдарының зейнеткерлері Нарестин Ерлан Ермаков пен Сатыбалдинов Ерболсын Тұрболсынвичке жоғарыда аталған «ҚР Қарулы күштерінің Әскери полициясына 25 жыл» мерекелік медалдары тапсырылды. Бөлімше басшылығы мен жеке құрамы ардагерлерді марапаттарымен құттықтап, жылы лебіздерін білдірді.

Ж. Бекіш,  
Қарағанды өңірлік гарнизоны Әскери полиция басқармасы Приозерск гарнизонына қызмет көрсету жөніндегі әскери полиция бөлімшесінің әкімшілік тәжірибе офицері, аға лейтенант

Adaldyk alany



Бүкіл әлемнің саяси, мәдени, рухани, әлеуметтік және экономикалық жағдайына ықпал етіп отырған экстремизм мен терроризм ХХІ ғасырдың ең бір өзекті мәселелерінің біріне айналып отырғаны бәрімізге белгілі. Террорлық актілерге итермелейтін қайшылықтар уақыт өткен сайын өсе түсуде. Экстремизм мен терроризм кеше мен бүгін ғана пайда болған құбылыс емес. Оның ертеден келе жатқан тарихи тамыры терең.

Терроризм және экстремизм өздерінің қылмыстық мақсаттарын орындау үшін барлық әрекеттерді пайдаланады, соның ішінде әлемде ең қымбат - адам өмірін, оның денсаулығын және қоғамдағы күнделікті іс-қимылды жою болып табылады.

Соңғы онжылдықта бүкіл әлемде терроризм мен экстремизмнің құбылысы, оның нысандары мен көріністері қатты байқалуда және де бұл тақырып, бүгінгі таңда ең өзекті мәселе болып отыр.

Діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес күніне орай «Адалдық алаңы» жобасы аясында «Парасат жолы» бұры-

ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ – РУХАНИ ДАҒДАРЫС

шында, Призерск қалалық кітапханасының оқу бөлімінде, №2 мектептің 9-сынып оқушылары мен тарих пәнінің

дөңгелек үстел болып өтті. Бұл іс-шараның мақсаты- Жас өспірімге қоғамның әлеуметтік, құқықтық, діни сипаттарын ұғын-

зын және мейірімділік пен ізгіліктің, адамдарға жақсылық жасай білудің өмірдегі басты ұстанымы екенін ұғындыру. Іс-шара барысында қоғамдағы өзекті мәселеге айналған діни радикализм мен экстремизм тақырыбында баяндама оқылып, бейнеролик көрсетілді. Қорытындылай келе, Елбасымыз айтқандай, «Діни экстремизмді алатын болсақ, ол адамдар арасына ірткі салуға, өшпенділік отын тұтатуға, қантөгістер ұйымдастыруға жол ашады. Пиғылы бөтен, қазақтың болмысына жат ағымдарға қазір тосқауыл қой-масак, онда ертең бірлігімізге сызат түседі.

Егер елімізде нағыз таза мұсылман, Құранның жолымен жүретін халық көп болса елде береке, бірлік тыныштық болады. Иә, шынында да елімізде, жалпы әлемде бейбітшілік пен тұрақтылықтың үстем болуына әр адам оған ат салысуы керек. Әр бір адам өз алдында иманын түзеп, әр білім алушы сапалы білім алуға, өнегелі азамат болып өсуге тырысуы арқылы өз отанына зор үлес қоса алады дегім келеді.

И. Н. Талханбаева, Оқу бөлімінің кітапханашысы



мұғалімі Давлятьярова Мария Баймуратовнаның қатысуымен «Діни экстремизм – рухани дағдарыс» атты тақырыпта

дыра отырып, оларды террорлық, лаңкестік және діни экстремистік бағытта арандатуға жол бермеу, бейбітшіліктің маңы-

Ғасырлар бойы тіл мәселесі сол тілде сөйлеп, өмір сүретін, өз тілінен сусындаған, сол тілде ұрпақтан ұрпаққа мәдени-ғылыми ескерткіштер қалдырып отырған халықтың мәселесі. Мемлекет болып қалыптасудың негізгі белгілері немесе ұстанымы, халықтың тұратын аумағы, сөйлейтін тілі болуы шарт. Әрбір халықтың ана тілі бар десек, өз ана тіліміздің барша болмысы, тіпті оның әрбір дыбысы мен жалғау жұрнағына дейін өзіндік мәні бар киелі ұғым. Ұлтқа ана тілінен қымбат еш нәрсе болмауы тиіс. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақтың тілінде қазақтың сары сахара даласы, жусанды белдері, айдын шалқар көлдері, біресе қараңғы түнде қалғыған таулары, желсіз түндегі тынық айы, сайын даладағы жайбарақат өмір кешкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы, дархан мінезі айқын көрінеді.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында, қазақ тілі енді ұлт аралық қатынас тіліне айналуға тиісті, соған біз келдік, жеттік соған қажеттілік туындап отырғанын жеткізді. Күнделікті өмірде байқалатыны, Қазақстанда тұратын басқа ұлт өкілдерінің көпшілігі қазақ тілін түсінеді, бірақ сөйлемейді. Оның басты себебі

ТІЛ МӘРТЕБЕСІ-ЕЛ МЕРЕЙІ

ретінде қазақтардың өздерінің ана тілін жеткілікті білмейтіндігін, сол тілде сөйлеуін тілге тиек етеді. Жасыратыны жоқ, күнделікті өмірде байқалатыны, қалалық жерлерде балалар тұрмақ, орта буын өкілдерінің өзі өз тілінде сөйлесе бермейді, бұл әсіресе көпшілік жүретін қоғамдық орындарда жиі байқалады. Ұлттың тілінің қолданылу аясының тарыла бастауы ең әуелі қазақтардың өзіне байланысты болып отыр, тілге деген немісқұрайлылық, жанашырлықтың жоқтығы қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде үстем болуына кедергі келтіруде. Көптеген жағдайларда, балалардың тілінің қазақ тілінен орыс тіліне қарай ауысуын, ата-аналар қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарында, әсіресе телехабарларда балаларға арналған қазақша хабарлардың тартымдылығының төмендігінен көруі жай сылтау, немісқұрайлылық, ұлттық патриотизмнің жоқтығы деп түсінуіміз қажет. Мұндай жағдай кезінде патшалық Ресейде орын алған, сол кезде орыс ақсүйектері француз тілінде сөйлеп, сол тілде балаларына француз ұлтынан мұғалімдер алдырып, оқытқан.

Отбасыда ана тілінде сөйлемей, балалармен өз тілінде сөйлеспеу, ана тілінде

көркем әдебиет оқымау, радио, теледидар хабарларын тыңдамау, көпшілік шаралардың, әсіресе ресми жиындардың басым бөлігінің орыс тілінде өтуі ана тілдің қолданылу аясын барынша тарытып, мемлекеттік тіл ретінде барынша қалыптаспауына теріс әсер етіп отыр. Алысқа барып керегі жоқ, айналамызға қарасақ, қырғыз, өзбек, тәжік, түрікмен болсын, осы елде тұратын басқа ұлт өкілдерінің барлығы сол тілде еркін сөйлеп, еркін жазады. Демек, қазақ тілінің өз елімізде мемлекеттік тіл ретінде үстемдік құруы ең алдымен қазақтардың өзіне байланысты болып отыр.

Сондықтан, қазақ елінде қазақ тілі – мемлекеттік тіл ретінде өркендеуі қажет десек, оған тек қазақ халқы ғана емес, Қазақстанда өмір сүріп жатқан басқа ұлт өкілдері де үлес қосуы керек. Қазақ тілін үйрену, сол тілде сөйлеу және жазу өзі тұрып жатқан мемлекетті құрметтеу, сол елдің толыққанды азаматы болып қалыптасу, болмай-ақ қойсын, қиын –қыстау күн туындаған жағдайда ереулі атқа ер салып, егеулі найза қолға алып, ерлердің ісін жасайтын азамат екендігін көрсететіндігіне шұба келтірмеуі тиіс.

Ана тілің — арың бұл!

Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Қай ұлттың өкілі болмасын Қазақстанда тұрады екен, оны қасиетті де киелі Отаным деп мойындап, оның гүлденуі үшін қызмет етуі тиіс. Басқа ұлт өкілдері де, Қазақстанның азаматы екендігін жан - тәнімен түйсініп, қазақ тілінің еркін қолданылуына жана-шыр болуы қажет.

Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде мәңгілік өмір сүру үшін мемлекеттік тілдің барлық салада кеңінен қолданылуын қамтамасыз ету қажет, ол үшін осы мемлекетте тұратын халықтардың бірлігі қажет. Халықтардың тату-тәтті, ынтымақты өмір сүруі үшін елде қолайлы жағдайлар жасалған. Демек, мемлекеттік тілдің аясының кеңіп, барынша кеңінен қолданылуы елімізде тұрып барлық ұлттардың ортақ мәселесі болуы тиіс, осы мақсаттарға қол жеткізу үшін мемлекеттік органдардың тарапынан кешенді, нәтижелі жұмыстар жүргізілуі керек.

Д.К. Ахметчина, Призерск қаласы, №2 ЖББМ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

...Өз тіліңді құрметте!

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ БІЛУ - ӘР ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ МІНДЕТІ

Қазіргі кезде халқымыз 19 миллионға жетіп қалды. Ресми мәліметтер бойынша қазақ халқы мен қазақша түйсінетіндер саны артып келеді. Сонымен қатар мемлекеттік тілді білетін мамандардың біліктілігін арттыру және мемлекеттік тілді білмейтін мамандарды оқыту, дайындау бойынша тегін курстар жүргізу мемлекет тарапынан жасалған нақты қадамадар деп атап өтсек болады.

Халықпен етене араласып жұмыс істейтін мемлекеттік қызметкерлердің, әсіресе жоғарғы шенділердің мемлекеттік тілді білуі, халық пен пен билік арасын жақындататыны сөзсіз. Қазірдің өзінде, тек қазақша сөйлейтін қандастарымыз мемлекеттік органдар мен қызмет көрсету мекемелеріне барғанда, мемлекет тілде толықтай қызмет ала алады.

Қызметтік ақпаратты мемлекеттік тілде алу халыққа заңды жасалаған үлкен қолдау деп бағалауға болады. Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін анықтаудың жүйесі мен механизмдері алға қойылған және жетілдіріп келеді. Заң актілері мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді, мемлекеттік органдардың құжаттары мен хаттарын, ақпараттары мен есептерін, іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуде де жолға қойылып келеді. Мемлекеттік тілді дамытуға байланысты шаруалар көптеп жасалса, мемлекеттік қызметте жүрген азаматтарымыз арасында қазақша сөйлейтіні көбейсе, бұл, әрине қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтуге септігін тигізеді.

Э.А. Жақупова, Призерск қалалық сотының жетекші маманы

Маман кеңесі

МЕДИАЦИЯ - БЕЙБІТШІЛІКТІҢ ЖОЛЫ

Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың жәр-демдеуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі. ҚР Медиация туралы Заңы 2011 жылғы 28 қаңтарда қабылданған.

Медиация тәртібінде дауласып жүрген екі жақ тараптары, медиатордың білім мен біліктілігіне, тәжірибесіне сүйене отырып, екі жақты пайдалы шешімге ерікті түрде келеді.

Медиацияның мақсаттары дауды шешудің медиацияның екі тарапын да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу және тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету болып табылады. Жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық, сондай ақ, аса ауыр емес, ауырлығы орташа қылмыстарға қатысты істерге

медиация тәртібін қолдануға бо-лады.

ҚР Медиация туралы Заңы бойынша дауларды жеке қарсылық аясынан шығарып, мүдделі пікірталас аясына беру көзделген. Мүдделі азаматтар мен ұйымдарға дауларды сотқа жүгінбестен, сотқа дейінгі сатыда қарау барысында шешу іс-әрекеттерін бір жүйеге келтіру қамтылады.

Бұл халыққа да, сотқа да тиімді. Ең бастысы, бір-біріне талап қоюшы тараптар сотқа дейін де, сот барысында да медиаторға жүгіну арқылы өзара тиімді мәмілеге келе алады. Қылмыстық істерді қарау аясында тараптар келісімге келгеннен кейін іс сотта бейбіт келісім ретінде мақұлданады. Негізінен айтқанда, медиация - бейбітшілік жолы.

А.Б. Асаубаева, Призерск қалалық сотының бас маманы – сот мәжілісінің хатшысы

Назар аударыңыз, акция !

«Азаматтық бақылау – түбіртеккі талап ет» акциясына кез келген үміткер қатыса алады. Барлық жолданған өтініштер мемлекеттік кірістер органдарында қаралады.

App Store немесе Play market-тен «Wiron» мобилді қосымшасын тегін

«АЗАМАТТЫҚ БАҚЫЛАУ- ТҮБІРТЕКТІ ТАЛАП ЕТ» АКЦИЯСЫ

жүктеп алып, фискалды чекті бермеу бұзушылық фактілері туралы хабарлауға болады. Фискалды чекті бермеу фактісі расталған жағдайда телефонның теңгеріміне (1000 теңге) сыйақы алуға болады.

2021жылы азаматтардың хабарлауы бойынша акция жүргізу барысында 30дәреке расталды, азаматтар өз белсенділігін танытты.

Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақ-

стан Республикасының барлық азаматтарын өздерінің азаматтық ұстанымын, заң бұзушылыққа төзбеушілігін білдіруге және «Азаматтық бақылау – түбіртеккі талап ет» акциясына белсенді түрде қатысуға шақырады.

Призерск қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы

## ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЕҢБЕК БИРЖАСЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қоғау министрлігі бірыңғай онлайн платформа – электрондық еңбек біржасын енгізді. Онда халықты жұмыспен қамту орталықтарының барлық көздерінен, жұмыс іздеушілерден, барлық меншік нысанындағы кәсіпорындардан, ұйымдардан және персоналды іріктеумен айналысатын компаниялардан бос жұмыс орындары мен ізденушілер туралы барлық колда бар ақпаратты және жұмыспен қамтудың жеке агенттіктерінің деректерін шоғырландырады. ([www.enbek.kz](http://www.enbek.kz)).

Электрондық еңбек біржасы азаматтарға жұмыс табуға және жұмыс берушілерге көмектесу үшін құрылған.

Электрондық еңбек біржасы жұмыс берушілерге жұмыспен қамту орталықтарына бармай-ақ, бос жұмыс орындары туралы ақпаратты орналастыруға және мамандарды табуға мүмкіндік береді. Ол үшін жұмыс берушіге "жеке кабинетті" ашып, электрондық еңбек біржасында тіркелуі қажет. Электрондық еңбек біржасында жұмыс берушіге тіркелу сізге лайықты жұмыс іздеушілердің түйіндемесін табуға және оларды сұхбатқа шақыруға мүмкіндік береді.

Бұл мәліметтер «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған Ұлттық жобасы бойынша оқытуға, маман-

дықтарға және білім беру ұйымдарына қажеттілікті айқындау кезінде пайдаланылады.

Бос жұмыс орындары ізденушілердің қажеттіліктеріне сәйкес келген кезде халықты жұмыспен қамту орталықтары жұмыс берушіге олардың деректерін (түйіндемелерін) жібереді, бұл туралы ізденушіні порталдағы "жеке кабинеті" арқылы немесе тікелей (порталда "жеке кабинеті" болмаған кезде) хабардар етеді.

Электрондық еңбек біржасының артықшылықтарының бірі барлық қызметтер тегін.

Бүгінгі таңда Приозерск қаласы бойынша электрондық еңбек біржасында 19 жұмыс беруші 32 бос жұмыс орнын, ал ізденушілер 142 түйіндемелі орналасып отыр.

Интернет желісіне қолжетімділігі жоқ халықты жұмыспен қамту орталығында өзіне-өзі қызмет көрсету аймағы жұмыс жасайды, онда электрондық еңбек біржасы интернет-ресурсын пайдалануға үйрететін кеңесші мамандар бекітілген.

Бүгінгі таңда, өзіне-өзі қызмет көрсету аймағында 32 азамат [www.enbek.kz](http://www.enbek.kz) порталы арқылы онлайн оқу курсынан өтті.

**М.Ш. Акимова,**  
«Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЖАУАНКЕРШІЛІК НЕГІЗДЕРІ

Сыбайлас жемқорлық ел экономикасының көтерілуіне үлкен кедергі келтіріп отырған қоғамымыздың ең басты қауіп - қатерлерінің бірі болып табылады. Сондықтан оны болдырмау, алдын-алу мақсатында елімізде көптеген іс-шаралар жоспарланып, жүзеге асырылуда. Алайда, жемқорлықпен күрес барысы күн сайын қарқын алып келеді дегенімізбен, жегі құртқа айналған осы бір қатерлі дерттен бойын аулақ ұстағысы келмейтіндердің қатары да уақыт өткен сайын көбейе түседі.

1998 жылдың 2 шілдесінде Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы қабылданып, онда сыбайлас жемқорлықпен күресу әрбір мемлекеттік органдар басшыларының, ел азаматтарының міндеті екендігі атап көрсетілді.

Бүгінгі таңда, мемлекеттің ұйымдасқан қылмыс және сыбайлас жемқорлықпен күрес саласындағы ең басты назары экономикалық даму процестерінің басқарылуына, ұйымдық-құрылымдық буындардың тиімді жолдарына, ішкі өзін-өзі бақылау жүйесін құруға және қылмыстылықты тазартуға аударылуы тиіс.

Сонымен бірге, сыбайлас жемқорлықпен күрестің басты бағыты - оның алдын алу, яғни, оның себептері мен шарттарына ықпал

жасау болуы керектігін ескерген жөн деп есептеймін.

Приозерск қалалық сотында алға қойып отырған осынау асқаралы міндеттерді жүзеге асыруға, сот қызметкерлері арасында қатерлі дертке жол бермеуге баса назар аударылып



отыр. Халқымызда «Бір қарын майды бір құмалақ шіртеді» деген қанатты сөз бар. Сондықтан да құлқынның қамын ойлаған кейбіреулердің теріс әрекеті бүкіл ұжымға кері әсерін тигізбеуі үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірлесе ымырасыз күрескеніміз дұрыс.

**А.С. Назар,**  
Приозерск қалалық сотының аға сот приставы



### СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ



### ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ



«Приозерск қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16

Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

Телефон доверия ГУ «Аппарат Приозерского городского маслихата» 5-49-16

Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных \*\*\*

«Приозерск қаласы әкім аппараты» ММ сенім телефоны 5-41-97

Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап.

Аппарат басшысы, Әдеп жөніндегі уәкіл-апта сайын бейсенбі күндері сағат 17.00-ден 18.00-ге дейін

Телефон доверия ГУ «Аппарат Акима города Приозерск» 5-41-97

График приема граждан: Аким города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов Заместитель Акима (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов Заместитель Акима (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов.

Руководитель аппарата, уполномоченный по этике - еженедельно по четвергам с 17.00 до 18.00 часов

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі күні сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – по вторникам с 17.00 до 18.00 часов \*\*\*

«Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ сенім телефоны 5-38-76

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск» 5-38-76

График приема граждан руководителем отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов. \*\*\*

«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-48

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00ден бастап.

Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и

градостроительства города Приозерск»: 5-32-48

График приема граждан руководителем отдела ежедневно, с 16.00 часов. \*\*\*

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-38-70.

Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00-ден 18.00-ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск»: 5-38-70.

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – ежедневно с 17.00 до 18.00 часов. \*\*\*

«Приозерск қаласының білім бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-92

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты сәрсенбі күні: 16.00 ден 18.00-ге дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел образования города Приозерск» 5-32-92

График приема граждан руководителем отдела вторник: с 16.00 до 18.00 часов \*\*\*

«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99, 5-33-81

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск»

5-32-99, 5-33-81  
График приема граждан руководителем отдела - среда с 17.00 до 18.00 часов \*\*\*

«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17

Бөлімнің басшысының азаматтарды қабылдау кестесі – дүйсенбі – жұма сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17

График приема граждан руководителем отдела - понедельник – Пятница с 17.00 до 18.00 часов \*\*\*

«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ – нің сенім телефоны 5-40-95.

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап.

Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-40-95.

Личный прием граждан руководителем еженедельно по понедельникам с 17.00 часов \*\*\*

«Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі» РММ сенім телефоны: 5-24-87

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00ден бастап.

Телефон доверия ГУ «Отдел экономики и финансов города Приозерск» 5-24-87

График приема граждан руководителем отдела - ежедневно, с 17.00 часов.

Меншік иесі: «ЖК А.В. Струментов».

«Приозерский вестник» газеті Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігінде 15.03.2004 ж. №4843-г тіркелген, 24.12.2018 ж. № 17414-Г МББ қайта тіркеу туралы куәлігі.

Редакцияның мекен-жайы: 101100 Приозерск қаласы, Космонавттар көшесі, 5 үй, 106-107 оф.

Анықтама телефондары: +7-705-981-86-79 (бас редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор). E-mail: [prz\\_westnik@mail.ru](mailto:prz_westnik@mail.ru); [instagram: https://shortlinks.plus/zmsid](https://shortlinks.plus/zmsid), [fb: https://shortlinks.plus/qfbKi](https://shortlinks.plus/qfbKi) Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, "Арко" ЖШС-де басылды. Тапсырыс № 16/764. Таралымы: 500 дана, көлемі-1 б.т., пішімі - А2, 4 бет.

Бас редактор: Б.А.Кенжебеков.  
Техникалық редактор: А.В.Струментов.  
Жеке хабарландырулар мен жарнама беру үшін мына телефонға хабарласыңыз: +7-705-466-60-63  
Хат-хабар мына электрондық мекенжайға қабылданады: [prz\\_westnik@mail.ru](mailto:prz_westnik@mail.ru)

Хаттар, қолжазбалар, фотосуреттер мен суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Келтірілген фактілердің, статистикалық деректердің, тиісті атаулардың, географиялық атаулардың және басқа да деректердің дәлдігі үшін жарияланым авторлары жауапты болады. Редакция жарнаманың мазмұны үшін жауап бермейді. Авторлардың пікірі редакцияның пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін. Редакцияның келісімінсіз материалдарды қайта басуға тыйым салынады.

Газет газет-журналдарды сататын орындарда (баспа киоскілері, дүкендер, базарлар), редакцияларда және Приозерск қаласындағы жеке таратушыларда таратылады. Сондай-ақ облыстың барлық қалалары мен аудандарында жазылу бойынша.

Жазылу индексі - 65041